

SHÁKÁRIM

SHÁKÁRIM ÝNIVERSITETI SEMEI

SHAŃYRAǴY

Ақпараттық-танымдық басылым

2019 жыл
№2 (114) ақпан

БАС БАСЫЛЫМНЫҢ ҒАСЫР ТОЙЫ

ұлылар мекенінен бастау алды



Шәкәрім шаңырағында ғасыр жасаған Егемен елдің бас басылымы – Егемен Қазақстан газетінің 100 жылдық мерейтойы аясында «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» - ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БАС БАСЫЛЫМЫ» атты «Акме» халықаралық ағартушылар клубының кеңейтілген отырысы өтті. Жиынға Халықаралық түркі академиясы, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының Президенті Қыдырәлі Дархан Қуандықұлы арнайы қатысты. Жалғасы 6-7-беттерде.

■ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Дене шынықтыру және спорт мамандығының 1 курс студенті Есентай Имаханов 60 келіде чемпион атанып, алтыннан медаль тақты.

Айта кетейік, бұл жарысқа балаларды Семей спорт академиясының самбо күресінен жаттықтырушысы, аграрлық факультеттің түлегі Біржан Имаханов бастап апарған болатын.

Есентай Имахановты спорттағы жеңісімен құттықтаймыз!

АТАУЛЫ СЫЙЛЫҚТЫҢ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

Елбасының мәдениет, өнер, ғылым саласында Бірінші Президент Қорының Премиясы конкурсында Шәкәрім университеті Аграрлық факультеті деканының оқу жұмысы жөніндегі декан орынбасары, PhD докторы **ЗАКИЕВА АРАЙЛЫ АЛЕНХАНОВНА** Қазақстан Республикасы Бірінші Президенті Қоры сыйлығының иегері атанды.

Арайлы Аленхановнаға ғылым жолындағы үлкен жетістігімен құттықтаймыз. Болашақта әлі де талай жетістіктерге жетуіне тілектеспіз!



■ ТАҒЫМ



АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Ауған жеріндегі он жыл... Он жыл оқ пен оттың арасындағы уақыт осының бәрі күні кеше болғанымен тарих қария парағын судырлатып жаңа бір тарауын бастағалы қашан. Дегенмен тарихта өткен әр оқиғаның өз орны, өз үні, өз қаһармандары бар.

Әйгілі В.Гюго: «Бейбітшілік өркениетті жасайтын болса, соғыс – нағыз қылмыс» деген екен. Ауған соғысының ардагер сарбаздары да ел үшін қару ұстауға жаралған нағыз ерлер еді.

Осыған орай университет басшысы Мейір Ескендіров Семейдегі Ауған жеріне жастығын арнаған азаматтармен бейресми жүздесу өткізді.

Өз сөзінде ректор олардың балаларына оқу орны тарапынан жеңілдіктер болатынын баса айтты. Сый-сияпат жасады.

Кездесуге келген Қ.Әбілмәжінов, М.Акимов, Н.Түсіпов, Б.Бегатов, С. Айтбаев сынды азаматтар ауған жерінде қаза болған асыл ерлердің ұмытылмауын, болашақта олар жайлы деректік-көрсеткіштік жинақ жарық көрсе деген тілектерін білдірді.

Иә, олар бейбіт күннің қадірін түсінеді, бүгінгі ұрпақтың мамыражай өмір кешуін тілейді және өз ұлтының тыныштығын күзетер ұландар барына нық сенеді.

Өз тілшіміз.

■ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

«Семей жобалық кеңсесінің» ашылғанына міне жарты жыл уақыт өтті.

Аз уақыт шінде орталық өз деңгейінде ірілі-ұсақты көптеген шараның ұйытқысы болды. Бейсенбі күні ұжым азаматтардың парақорлыққа төзбеушілік принциптерін қалыптастыру мақсатында 100-ден астам студенттер мен магистранттарды және университет қызметкерлерін қамтыған «ПАРАҒА ЕМЕС, БИІККЕ ҰМТЫЛ!» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Шара басында кеңседе орналасқан Ұлы даланың жәдігерлерін және Елбасы кітапханасын «Мәңгілік Ел» кафедрасының меңгерушісі Бақытгүл Сейтмұхамбетқызы таныстырды.

Әрмен қарай шараның ресми бөлімінде модератор Қауанова Шырын құқық бұзушылықтарға жол берген лауазым иелеріне заң талаптарына сәйкес қолданылатын жазалауға қатысты бейнежазбамен таныстырды.

Университет профессоры Ғазизова Назигүл Слямболқызы пара алудың түрлері, жемқорлықпен күресудегі әлемдік тәжірибелердің маңыздылығынан хабардар етті.

Дөңгелек үстел қонағы ШҚО мемлекеттік қызмет



істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің бас маманы Исимбеков Ғалымжан Жұмағалиұлы сыбайлас жемқорлық санатындағы құқық бұзушылықтарды анықтау, оның алдын алу және онымен күрес бағытында атқарылған жұмыстар мен тәртіптік шаралар жөнінде ақпараттармен бөлісті.

Студенттер тақырыпқа қатысты мамандарға сұрақтар қойды.

Шара соңында «Семей жобалық кеңсесінің» маманы Мұхтар Тыныштықбекұлы «Мәңгілік ел» болуға бағыт алған дербес еліміздің ертеңін ойлау құқықтық мәдениетті одан әрі арттыру мен түсіндіруден басталатынын айтты.

Нұрсұлу Маратова,
«Мәңгілік Ел» кафедрасының бас маманы.

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ



Шәкәрім университетінің 5 оқытушысы байқау қорытындысы бойынша 2018 жылдың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағының иегері болған еді.

Таяуда Астана қаласында салтанатты түрде 2018 жылғы үздік оқытушы иегерлеріне арнайы төс белгі мен куәлік табысталды.

Жиынға ҚР Білім және ғылым вице-министрі Т.Ешенқұлов қатысып, марапат иегерлерін құттықтады.

Жиынның соңында арнайы концерттік бағдарлама берілді.

Ерғали Есенжолов:

■ СҰХБАТ

ЖАҢА ДӘУІР - БІЛІМДІНІҢ ЗАМАНЫ



Шәкәрім университеті ардагерлер кеңесінің төрағасы, белгілі ұстаз Ерғали Қабдоллаұлы Есенжоловпен сұхбат.

– Ерғали Қабдоллаұлы, Сіз таяуда университет ардагерлер кеңесінің төрағасы болып сайландыңыз...

– Ия, көпшіліктің қалауымен осы қызметті қолыма алдым. Бұрынғы төрағамыз Зейнолла Тоқаев мырза басқа жұмысқа ауысқан еді. Осы университеттен білім алып, осы жерде жарты ғасырға жуық еңбек етіп келемін. Сондықтан мен үшін оқу орнының соңғы елу жылдағы шежіресі мен өткен тарихы көз алдымда өтті десем де болады.

Университетте 300-ден астам еңбек ардагерлері бар. Олардың басым көпшілігі ұзақ жылдар бойы ұстаздық еткен ұлағатты жандар. Өмірлік тәжірибелері де мол.

– Таяуда Елбасы 2019 жылды – Жастар жылы деп жариялағаны баршамызға аян. Аға толқын өкілі ретінде бүгінгі жастардың бойынан қандай жақсы қасиеттерді көргіңіз келеді?

– Қай заманда болмасын барлық үміт жастарда. Бүгінгі жаңа ғасырдың жастарына қойылатын талап та өте жоғары. Жаңа дәуір – білімдінің заманы. Сондықтан қазақ жастары әлемдік деңгейдегі білімді көбірек игергені жөн.

Елімізде жастардың білім алуына бар жағдай жасалған. Тек «Болашақ» бағдарламасы бойынша қаншама жастарымыз шетелдік танымал университеттерінде білім алуда. Осының бәрі ел тәуелсіздігінің жемісі деп білеміз. Бүгінгі қазақ жастары жаңа технологияларды игеріп,

техникалық мамандықтарға көбірек ден қойғаны абзал.

– Сіз ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарған адамсыз. Жастар тәрбиесіне деген көзқарасыңыз қандай?

– Шығыстың ғұламасы атанған әл-Фараби бабамыздың: «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - деген даналық сөзі біз үшін биік ұстайтын қағида. Біз бүгінде балаларымыздың сапалы білім алуына, түрлі өнерді игеруіне және спортпен айналысуына көп көңіл бөлеміз. Ал ұрпақ тәрбиесін назардан шығарып алдық. Бұл қауіпті құбылыс. Егерде баланың бойында мейірімділік, адамгершілік сияқты қасиеттер болмаса, ондай адамдардың өз білімін ел игілігіне жұмсауы мүмкін емес.

Ал, тәрбие – кең ұғым. Соның ішінде біз ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл аударуымыз керек. Ана тіліміз, діліміз, ұлттық мәдениетіміз басты орында тұрса, еліміздің ертеңі жарқын болар еді. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден», - деуі бекер емес қой. Біздің басты міндетіміз - Отанын, елін сүйетін ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Елбасымыз Н.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы дер кезінде, аса парасаттылықпен қолға алынған үлкен шара деп білемін.

– Ұлттық тәрбиенің мәйегі не деп білесіз?

– Біздің ұлттық тәрбиеміздің тамыры тереңде. Өкінішке орай біз сол мол қазынадан қол үзіп бара жатырмыз. Мәселен бұрынғы қазақ отбасыларында әке мен ананың өз перзенттерін тәрбиелеудегі рөлі айқын еді. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей ұл тәрбиесіне көбіне отағасы, қыз тәрбиесіне анасы жауапты болатын және отбасында әке мен шешенің өзіндік орны бар еді. «Әкеңе айтам» десе кез келген тентек бала дереу тынышталатын. Баланы жастайынан

еңбекке баулуға да бабаларымыз айрықша көңіл бөлген еді.

«Тәрбие - тап бесіктен басталады» - дегендей баланың тұлға ретінде қалыптасуына ата-ананың тәрбиесі айрықша рөл атқаратынын ұмытпағанымыз жөн. Біз көп жағдайда ұрпақ тәрбиесінің жауапкершілігін мектепке, бала-бақшаға аударып тастайтын сияқтымыз.

– Университет ардагерлер Кеңесінің негізгі жұмыстарына тоқтала кетсеңіз.

– 80 жылға жуық тарихы бар оқу орнының өзіндік қалыптасқан дәстүрі, мол шежіресі бар. Оқу орнынан қаншама белгілі тұлғалар, қоғам, ғылым қайраткерлері шықты. Сол адамдардың өнегелі өмір жолын жас ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде насихаттау біздің яғни аға ұрпақтың парызы деп білеміз. Сонымен қатар университетіміздің қалыптасуына еңбек сіңірген ардагерлеріміз назардан тыс қалмау керек. Ардагерлер кеңесінің басты міндеттерінің бірі мүмкіндігінше университет ректоратымен бірлесе отырып, зейнет жасындағы аға буынға моралдық-әлеуметтік қолдау көрсету болып табылады.

– Сөз соңында өзіңіздің өмір жолыңызбен таныстыра кетсеңіз.


– Мен 1949 жылы 25 қыркүйекте Семей облысы, Жаңа Семей ауданының Изатолла елдімекенінде ауыл мұғалімінің отбасында дүниеге келіппін. 1966 жылы Семей қаласындағы №16 орта мектепті алтын медальға бітіріп, Н.Крупская атындағы Семей педагогикалық институтына оқуға түстім. 1970 жылы институтты үздік бітіріп, 1975 жылға дейін ауыл мектебінде мұғалім болып еңбек еттім.

1975 жылдан бастап бүкіл саналы ғұмырымды Семей педагогикалық институтында, кейіннен Шәкәрім университетінде ұстаздық қызметке арнадым.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Дәулет Рамазан.

АТАУЛЫ ЖЫЛ ЗОР МІНДЕТ ЖҮКТЕЙДІ



Елбасының Жолдауда баса назар аударған мәселесі – жастар мәселесі.

Жастар – ұлт болашағы болғандықтан, қай заманда болса да қоғамның басты тұлғасы болып саналады. Жастар кез-келген әлеуметтік қатынастарда, рухани игіліктерде маңызды орын алады. Ал, сол жастардың қоғамдағы жағдайы және олардың әлеуметтік ортаны дамытуға қатысу дәрежесі мемлекетке және жастардың белсенді өмірлік ұстанымына да байланысты.

Шығыста бірінші деп аталатын Шәкәрім университетінің жалынды жастары бұл жылға толығымен атсалысады. Себебі бұл жастарға артылған үлкен міндет. Жастар жылына көптеген жоспарларымыз бар. Сол

жоспарларды жастармен бірге жүзеге асырамыз деп сенеміз.

Бүгінгі жастар – ертеңгі кәсіби білікті маман, болашақ отбасының тірегі. Әрбір жас қоғамда өз орнына ие болу үшін кез келген қоғамдық мәселеге бейжай қарамауы тиіс. Себебі патриоттық рух та, рухани ерік-жігер де ортамен араласудан туындайды. Жастардың назарын құндылықтарға аударуымыз керек. Себебі бүгінгі таңда жастар материалдық құндылықтарға баса назар аударатын болды. Жастарды азаматтық, қоғамдық жұмыстарға тарту біздің міндетіміз болып табылады. «Келесі жылды жастар жылы деп жариялап, іс-шаралар өткізу



керек, оған біздің тәжірибеміз бар. Жастарымызды, Қазақстанның болашағын әр салада қолдауымыз керек» - деген Елбасының сөзін баса назарға ала отырып студент жастарымызға, жас мамандарымызға қолдау көрсету міндетіміз деп білеміз.

Бүгінгі таңда жылдам дамып, сәт сайын өзгеріп отырған қоғамда қордаланып қалған, күрмеуі қиын мәселелер көп. Сонымен қатар, жастардың алдына да қойылып отырған мақсат-міндеттер аз емес. Тығырықтан шығудың жалғыз жолы – білімді ұрпақ.

Бүгінгі жастардың бақытына орай, бізде білім алып, ғылыммен шұғылданып, идея бөлісіп, оны жүзеге асыруға толық мүмкіндік жасалған. Жақсы білім шексіз мүмкіндіктер ашады. Оның үстіне бұл мәселе бойынша қазақстандықтардың мүмкіндігі шексіз екенін білу көңілге қуаныш ұялатады. Әрине ол үшін күш салу керек. Бірақ, ол соған тұрарлық! Бұл мүмкіндіктердің ауқымы кең, тарихы терең және болашағы зор.

**Азиз Мұқанов,
Шәкәрім университетінің тәрбие жұмысы және
жастар саясаты бөлімінің басшысы.**



БОЛАШАҚҚА СЕНІМ АЙҚЫН

Елбасының қай жолдауын алсақ та, жастарға қатысты жобалар мен бастамаларға баса назар аударылып келген. Президенттің бұл Жолдауында да жастардың білім алуы, әлеуметтік жағдайы ерекше аталып өтіп, 2019 жыл «Жастар жылы» деп жариялаған болатын.

Жастар елдің қорғаны. Елбасы атап өткендей «Болашақ – жастардың қолында». Еліміздің көркейюі жолында талмай еңбек ету біздің басты міндетіміз.

Елбасы ашып берген үлкен мүмкіндік - жастар жылы біздің өз идеяларымызды қарқынды жүзеге асырудың басты принципі.

Мемлекеттің тұрақты дамуының негізі – бәсекеге қабілетті жастар буыны, ал бұл тікелей жас қазақстандықтардың білім мен білік сапасына, олардың ұмтылысы мен ынтасына байланысты.

Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі бағытының бірі - жастар секторы. Болашақ жас маман ретінде, халықпен үкімет арасындағы алтын көпір болар журналист ретінде, тың идеялармен, жаңа технологиялардан, яғни жаңашылдықтан сырт қалмау менің басты міндетім.

Білімі жоғары, сана – сезімі ояу, сауатты жастар ғана Тәуелсіз Қазақстанның іргесін нық ұстап тұра алады. Біздің ұранымыз «Болашақ. Жетістік. Сенім!»

**Еркелді Тілеуқұл,
журналистика
мамандығының
3 курс студенті.**



ТАЛАНТТЫ ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШЫҚ

ОЙТУЙ



**Дулат Бабатайұлы атындағы
ақындар мектебінің жетекшісі,
филология ғылымдарының
кандидаты Айман Ақтанова**

– Екі жылдай болып қалды университетімізде Дулат Бабатайұлы атындағы ақындар мектебі ашылды. Ақындар мектебінің басты бағытына тоқтала кетсеңіз.

– Ең алдымен ақындар мектебін ашу біздің университетіміздің басшысы Мейір Ескендіровтың идеясы екендігін айрықша атап өткеніміз жөн болар. Талапты жастарға ректор өзі тікелей қолдау көрсетіп келеді.

Дулат Бабатайұлы - XIX ғасырда өмір сүрген көрнекті ақын. Ақиық ақынның шығармаларының дені дидактикалық негізде жазылған. 1880 жылы Қазан қаласында «Өсиетнама» атты тұңғыш жыр жинағы жарық көрген. Қазақ даласына танымал тұлға болған Дулат ақынның шығармашылығы мен өмір жолы әлі де болса, толық зерттелді деп айта алмаймыз. Біздің мақсаттарымыздың бірі от тілді, орақ ауызды ақынның шығармашылығын халық ортасына қайта оралту. Болашақта Дулат ақынның жыр жинағын шығару жоспарымыз бар.

Бүгінгі күні ақындар мектебінде алпысқа тарта шәкірт дәріс алуда. Біз білім бағдарламасын жасап жатырмыз. Ақындар мектебінде сөз өнерімен қатар, «Қаракөз» драма театрының «Әртістік қарым-қабілет» деген сабақтары жүреді. Талантты студенттерімізге осылайша біліктіліктілігін дамытуға мол мүмкіндіктер ашылып отыр.

– Алдағы уақытқа қандай жоспарларыңыз бар?

– Қазір бізде ақындық өнер бойынша сабақтар жүргізілуі үшін, шетелдегідей бейресми білім бағдарламасын жасадық. Келесі жылы министрліктен сертификат алсақ, алдағы кезеңде оқылатын дәрістер студенттер оқып жатқан білім бағдарламасымен тең

дәрежеде жүретін болады.

Наурыз айында университетімізде мектеп бітіруші түлектерге арналған екі кезеңнен тұратын үлкен байқау өткізгелі жатырмыз. Біріншісі, эссе мен тестілеу түрінде, екінші кезеңде ақындық өнеріне байланысты мүшайра болады. Бас жүлдеге университет ректорының арнайы гранты беріледі. Сонымен қатар, сәуір айының жиырмамыншы жұлдызында еліміздің аймақтарынан жас ақындардың басын қосып, ауқымды көлемде республикалық ақындар айтысын ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Республикалық ақындар додасы біздің университетте өтеді және жүлде қоры да қомақты болмақ.

– Бүгінгі жас ақындарға көңіліңіз тола ма?

– Әрине толады. Дана халқымыз: «Өнер жастан, асыл тастан» - дейді ғой. Болашақ жастардың қолында. Мен жастарға сенемін. Елге танылған ақындарымыз Ерлан Жүніс, Ақберен Елгезектің шығармалары қазақ поэзиясына жаңа бір леп әкелгендей болды. Біздің университеттен түлеп ұшқан жас таланттар Бауыржан Игілік, Мерей Қартты да солардың қатарына қосар едім. Бүгінгі күні жастарға мемлекет тарапынан көптеген қолдаулар көрсетіліп жатыр. Соның бір жарқын көрінісі үстіміздегі жылдың жастар жылы болып жариялануы.

– Сұхбатыңызға рахмет!



**Шұғыла
Сұлтанмахмудова,
журналистика
мамандығының
1-курс студенті.**

■ ДАНАЛЫҚ

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

*Ата-ананың ақылы
Қазылған қара жолмен тең,
Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.*

*Жақсының жары сұм болса,
Қазып қойған көрмен тең.*

*Жақсы ағайының бар болса,
Алуан түрлі балмен тең.
Жаманға айтқан ақылың,
Ағып кеткен селмен тең.*

*Қайыры жоқ байларың,
Ауыл қонған шөлмен тең.*

*Уайымшыл адамның,
Кең дүниесі тармен тең.*

*Саясы жоқ бәйтерек,
Саздағы біткен талмен тең.*

*Парақор болған төрелер,
Қуаңнан шыққан өртпен тең.*

*Жетесі жаман бос бала,
Тоқсандағы шалмен тең.*

*Айтқан сөзі ақымақтың,
Адам ішпес сумен тең.*

*Жақсылардың ақылы,
Гаухар шырақ шаммен тең.*

*Жамандар сөйлей білмейді,
Жөніне тыныш жүрмейді.*

*Екі жақсы кез болса,
Шапқан аттай жарасар.*

*Екі жаман кез болса,
Құтырған иттей таласар.*

*Бір-біріне жақсы сөз,
Оның өзі сыймен тең.*

*Ата-анасы бар болса,
Ағайыны көп болса,
Бәрі де тату болғанда,
Қорғаны бар үймен тең.*

*Өсиетім байларға-
Көп қуанба малдарға.
Кетеріне келгенде,
Киімге жұққан кірмен тең.*

*Жүрген жері жақсының,
Күнде базар, мереке.*

БАС БАСЫЛЫМНЫҢ ұлылар мекенінен



Басы 1-бетте.

«Ел газеті Егемен Қазақстан өзінің ғасырлық межесіне қадам басып отыр. Сондықтан 100 жылдық жылнамамызды біз жыл бойы атап өтетін боламыз. Осы Егеменнің 100 жылдық мерейлі тойын Семейден, Алаш елінен, Абай елінен бастауды ұйғарған едік. Міне бүгінгі шара соның айғағы. Шәкәрім университетімен бірнеше шараларды бірлесіп қолға алатын болып уағдаластық. Ендігі Абайдың музейі, Абайдың Жидебайдағы, Қарауылдағы ескерткіштеріне барып тағзым етеміз. Сол арқылы Егеменнің 100 жылдық тойын қазақтың бас ақыны біздің қазақ тілі мен әдебиетінің елінен бастау алуды жөн көріп отырмыз. Бұдан кейін біз Орынборға барамыз, Қазақстанның өзге де қалаларында шараларымызды жалғастыратын боламыз» - дейді ел газетінің басшысы Дархан Қуандықұлы.

Бір ғасырға жуықтап қалған тарихында басылым бірнеше атаумен шығып тұрды. 1919 жылдың 17 желтоқсанында «Ұшқын» атымен шыққан газет кейіннен «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ», «Еңбекші қазақ», «Социалды Қазақстан», «Социалистік

Қазақстан», «Егеменді Қазақстан» болып аталып, 1993 жылдан бастап «Егемен Қазақстан» атымен жарық көріп келеді. «Жалпы ел газетінде Қазақстанның 100 жылдық тарихын да айқын көруге болады. Өйткені, мұнда шежірелі жылдардың барлық белестері көрініс тапқан, бас басылым зар замандағы жағдайлардан да айналып өте алмаған. Ашаршылық, зұлмат, соғыс жылдары, тың игеру мәселелерінің барлығы сол кезеңнің тілімен бізге жетіп отыр.

Дархан Қуандықұлы Шәкәрім университетінің бас ғимаратында жаңадан ашылған Елбасы кітапханасымен танысып, кітапханаға Егемен Қазақстан газетінің бастамасымен басылған «Түркі интернациясының архитекторы», «Елорда эпопеясы», «Бақорда» атты кітаптарды табыстады.

Айта кету керек «Егемен Қазақстанның кітапханасы»

деген сериямен бірнеше кітаптар жарыққа шығып жатыр. Оның ішінде Шерхан Мұртазаның, Әбіш Кекілбаевтың, Астананың 20 жылдығына байланысты кітаптар жарық көрді.

Сонымен қатар газет басшысы «Алдағы уақытта Егеменнің 100 жылдық нұсқаларын сканерлеп, осыған дейін «Егемен Қазақстан» газетінде басылған Алаш арыстарының мақалаларын оның ішінде Мұхтар Әуезовтің, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Тұрар Рысқұловтың



ҒАСЫР ТОЙЫ

бастау алды



Жастар жылымен бірге Егемен ұжымының жасы да екі есеге жасарды. Егеменнің жасы ұлғайған сайын оның ұжымы да жасара берсе газеттің өміршеңдігін көрсетеді» - дейді Дархан Қуандықұлы.

Іс-шара барысында университеттің бас ғимаратында Егемен Қазақстан бұрышы салтанатты түрде ашылды. Ол жерде студенттер мен оқытушылар газеттің әрбір шыққан санын оқи алады.

Отырысқа зиялы қауым өкілдері мен студент жастар қатысып, бірнеше сұраққа жауап алды. Университет ректоры Мейір Ғариполлаұлы Дархан Қыдырәліні «Құрметті профессор» атағы, «Шәкәрім» медалымен марапаттап, АКМЕ халықаралық ағартушылар клубы өз қатарына қабылдады.

және басқа да қазақтың үлкен ардақтыларының мақалаларын шығарайық деп 5 том етіп дайындап отырмыз» деп жеткізді.

Жастарға баса назар аударатын Егемен Қазақстан газеті жастар жылында да біршама істер атқаруда. Жастар life деген арнайы жоба құрып, жастарға арнайы беттер арнап отыр. Сонымен қатар жастар ғылыми орталығымен меморандумға қол қойып ортақ зерттеу жұмыстарын бастаған. «Газет ұжымында қызмет ететін қызметкерлердің орташа жасы 30.



Келесі күні Астанадан келген меймандар ұлыларға тағзым ету үшін Шыңғыстауға атбасын тіреді.

Сонымен қатар, меймандар Абай ауданының орталығында болып, хакім Абайдың ескерткішіне гүл шоқтарын қойды.

Наргиз Қамбаева,
ЖУ-509 тобының студенті.

АРДАГЕР ҰСТАЗ 80 ЖАСҚА ТОЛДЫ

■ **ҰЛАҒАТ**

2019 жылдың 6-8 ақпан аралығында, Шәкәрім университетінің 7-оқу ғимаратында Қазақстандағы жоғары оқу орындарының техникалық мамандықтарында оқитын студенттер арасында «Құрастыру негіздері және машина бөлшектері» пәні бойынша Республикалық олимпиада өтті.

Бұл олимпиада біздің университетте 52 жыл бойы үздіксіз, абыроймен қызмет атқарып келе жатқан инженерлік-технологиялық факультеттің «Машина жасау технологиясы және механика» кафедрасының профессоры, ұлағатты ұстаз Теміртасов Омар Теміртасұлының 80-жасқа толу мерейтойына арналып ұйымдастырылды.



Олимпиадаға еліміздің барлық өңірлерінен 10 команда қатысты.

Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау салтанатынан кейін мерейтой иесі, 80 жасқа толып отырған Теміртасов Омар Теміртасұлын құттықтау, қошеметтеу рәсімдері өтті.

Омар Теміртасұлының 50 жылдан аса ұстаздық өмірінде бірге қызметтес болған әріптестері - З.Қ.Тоқаев, Б.Мәзібаев, М.Қаримов және т.с.с. қошемет көрсетті.

Қазіргі кездері өздері ұстаз болып жұмыс істейтін - А.Е.Еренғалиев, М.Б.Смирнов, А.К.Кахимов, Қ.Ж.Әмірханов және Павлодардан арнайы келген Павлодар пединститутының кафедра меңгерушісі А.Ж.Асамбаев сияқты көптеген шәкірттері Омар Теміртасұлына ұзақ ғұмыр тілеп, алғыстарын білдірді.

Құттықтау сөздердің арасында инженерлік-технологиялық

факультеттің өнерпаздары ән-би, күйлерін Омар Теміртасұлына арнап отырды.

Кеш соңында, Теміртасов Омар Теміртасұлы өзі сөйлеп, университет басшыларына, әріптестеріне, шәкірттеріне, олимпиадаға келген қонақтарға шын жүректен алғысын білдірді, өзінің жақында ғана шыққан жаңа оқулығын өз қолтаңбасымен қонақтарға тарту етті, олармен бірге естелік суретке түсті.

■ ЖАЙДАРМАН ЛИГАСЫ

ДЕКАН КУБОГІ САРАПҚА ТҮСТІ

25 ақпан күні инженерлік-технологиялық факультеттің ұйымдастыруымен Шәкәрім университетінің факультет аралық «Жайдарман» лигасы аясында «Инженерлік-технологиялық факультетінің декан кубогі» ойыны өтті.



Шараның мақсаты - «2019 жыл – Жастар жылына» орай жастардың рухын көтеруге өз үлесін қоса отырып, мемлекеттік жастар саясатына атсалысу, «Мәңгілік ел» Жалпыұлттық патриоттық идеяның, Жалпыға ортақ еңбек қоғамы идеясы және оның құндылықтарын, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында айтылған міндеттерге өз үлесін қосу және насихаттау, жастарды достыққа, патриоттыққа тәрбиелеу, топтық қарым-қатынасқа баулу, дарынды студенттерді айқындау және қолдау көрсетіп, өнерлерін шыңдау.

Өнер мен өркениет, білім мен ғылым дамыған заманның жас өрендері, Шәкәрім шаңырағының әзіл сүйер студенттері өз өнерлерін көрсетті.

Жарыс нәтижесі бойынша 3 орын №1 жатақхананың «Шоқпар» командасы, 2 орынды «Қазақ филология факультетінің арулары» иеленсе, жүлделі 1 орынды ақпараттық-коммуникациялық технологиялар факультетінің «Мегаполис» командасы еншіледі. Командаларды құттықтаймыз!

Ақпан айының 16 жұлдызында Қазақ филологиясы факультетінің ұйымдастыруымен «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 10-11 сынып оқушылары арасында пән олимпиадасы өтті.

ПӘН ОЛИМПИАДАСЫ ӨТТІ

Олимпиадаға Семей қаласы ЖББОМ мен аудан, ауыл мектептерінен 100-ге тарта оқушы қатысты. Екі турдан тұратын дәстүрлі білім жарысы нәтижесінде 11 сынып оқушылары арасынан I орын Аягөз ауданы, қалалық қазақ мектеп-лицейінің оқушысы Нусупова Перизатқа бұйырса, қаладағы №31 ЖОББМ оқушысы Қалықова Аяулым 10 сынып оқушылары арасынан оқ бойы озық көрінді. Өзге қатысушылар мен жеңімпаздар грамота, арнайы сертификаттармен марапатталды.

Айта кетейік, «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша жыл сайынғы олимпиада жеңімпаздары өз болашақтарын Шәкәрім университетімен байланыстырады.

Бүгінде былтырғы жылдың үздіктері оқу орнында білім алуда.

**Таңшебер Бақытқызы,
ЖУ-511 тобының студенті.**

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНЫ

Жоғары Агротехникалық колледжінің биология пәнінің оқытушысы, магистр М.Қ.Ұлықбекова 11 топқа «Адам генетикасы» тақырыбында студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында модульдік оқыту технологиясының түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы ашық сабақ өткізді.

Мадина Қыдырбекқызының сабағында қазіргі білім саласында үштілділік саясатты «Терминдер кабинеті» бөлімінде пайдалана отырып, жаңа тақырыпты бекіту мақсатында Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы бойынша



сабақтың тақырыбына байланысты әр студентке өз отбасының шежіресін жасатты.

Ашық сабақ барысы «Есептер кабинеті», «Бинго», топта жұмыс

істеу, әдістерімен іске асты. Сабақ қазіргі заман талабына сай өтті.

Бүгінгі білім мен білік бәсекелес заманда ұландарымыздың биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңашылдығымыз арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. XXI ғасыр-білімділер заманында студенттеріміздің білімді маман болуына, биіктен көрінуіне колледждің білікті жас мамандары халқымызда «Жас келсе-іске» деген мақалды басшылыққа ала отырып, жастық жігерін, күш-қуатын, жаңашылдықта шәкірт тәрбиелеуді басты мақсат тұтады.



ЖАСТАРДЫ ЖАТ АҒЫМНАН САҚТАНДЫРДЫ

Жоғары Агротехникалық колледжінде 1-3 курс студенттері үшін Шығыс Қазақстан облысы, Дін мәселелерінің зерттеу орталығының Семей өңірлік секторының маманы Әмірханов Мақсат Ерланұлы мен психолог маман Әрманқызы Әмина «Замануи діни экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет» тақырыбына ақпараттық-түсіндіру семинарын өткізді.

Бұл семинардың басты мақсаты-студенттердің дін саласындағы білімдерін арттыру болып табылады. Жат ағым туралы психолог маманның дәйекті мағлұматтарымен бастау алып, діни экстремизмнің алдын алудағы шаралардың ең бастысы отбасымыздағы күнделікті қарым-қатынас, бір-біріне деген сенім екенін атап көрсетті.

Сонымен қатар семинар барысында мамандар студенттерге діни деструктивтік культтардың әсері, діни экстремизмді интернет сайт арқылы тарату туралы ақпараттарды, тыйым салынған сайттарды ашу, қарау және өз пікірлерін жіберген үшін жауапты болатыны туралы экстремизмнің алдын алу шараларын қалай жеткізу керектігін түсіндірді.

Алмас Жеңісов,

Жоғары Агротехникалық колледжінің 2 курс студенті.

САЛАУАТТЫ ӨМІРДІ СЕРІК ЕТУДЕ

Жоғары Агротехникалық колледжінің студенттері қысқы демалыс күндерін салауатты өмір салтын ұстану мақсатында әртүрлі спорттық іс-шаралармен ұштастыруда.



Университетшілік «Bastay» коньки жарысында колледж намысын Титоренко Алина, Кулатаев Арман, Амангельдина Айсулу, Канатов Елжан қорғады. Жарыста университет командаларымен өз күштерін сынап, жүлделенген біздің жас спортшылар университет ректорының марапатына иеленді. Сонымен қатар барлық топтар «Цементник» мұз айдынында, қалалық шаңғы базасында оқытушылар мен студенттер көңілді қысқы демалыс күндерін өткізді.

Шаңғы базасында ұйымдастырылған ойындар, шаралар студенттердің көңілдерін бір серпілтіп, қуанышқа бөледі. Осындай қызыққа толы демалыс күндері колледжімізде жалғасын таба береді.

Нұрдос Болатқазин,
Жоғары Агротехникалық колледжінің
2 курс студенті.

ҰЛЫ ДАЛА ҰРПАҒЫ ЕКЕНІМІЗДІ МАҚТАН ЕТЕЙІК!

Бүгінде мемлекетіміздің қарқындауын жеделдетіп, өзінің дара саясатымен жарқын болашаққа бастап отырған теңдессіз Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласын шығарған болатын. Жалпы, мақала нәнің негізінде, қандай мақсатта шығарылған?!

Шын мәнінде біздің халықтың түп тамыры тереңде, ал тарихының байлығы сондай, көптеген жетістіктерге жеткізе алатын таптырмас құрал. Мақала авторы дәл осы қазынамызды бөліп көрсетіп, оны дұрыс мақсатта пайдаланып, алдағы уақытта бастау керек бағдарламалар турасында атап өтті.

Жазбада қазақтардың ата-бабалары болып табылатын ерте кездердегі көне ру-тайпалардың ойлап тапқан, қазіргі адамзаттың қолданысындағы технологиялық жаңалықтары мен құралдары дәл осы қазақ жерінде жасалғандығын, және олардың осы жерден бүкіл дерлік Еуразия құрлығына таралып, ондағы саяси және экономикалық тарихқа үлкен өзгеріс енгізгені жайында айтылады. Біз Қазақстанның Түркі дүниесінің қара шаңырағы екендігімен мақтана аламыз.

Бүгінгі күні автокөлік дамуының шарықтау шегіне жеткенімен де, оның қозғалтқыш қуаты әлі күнге дейін аттың күшімен өлшенетінін бәріміз білеміз. Жылқыны қолға үйреткен, осы мәдениетті жанына жақын ұстай білген біздің ата – бабаларымыз. Оған дәлел энеолит дәуіріне жататын Ботай тұрағы. Осы сынды «Алтын адам», «Аң стилі», «Ежелгі металлургия». Қайсысын алсақ та, түп тарихы Ұлы дала жерінен сыр шертеді.

Айтып өтпесе болмайтын тағы бір жайт: Ұлы қазақ даласы – Еуропа мен Азияны, Шығыспен Батысты ұштастырған Ұлы Жібек жолының дамуының ошағы болғандығы. Ал бұл сауда қатынасы тек тауарлардың ғана емес, ортағасырлық өнер, мәдениет, дін, ғылымның таралуының басты



себепшісі.

Қазақстанның ұлттық брендіне айналған алма мен қызғалдақ. Бүкіл әлемге танымал бұл өсімдіктер қасиетті қара топырағымызда бүр жарып, жаһанға таралған. Қарап тұрсақ, тарихымызда мақтануға тұрарлық жағдайлар көп болған, қазірде солардың ізі қалған. Тарихпен елдің мәртебесін асқақтатуға да, төмендетуге де болады.

Былтырғы жылы жолданған «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» Жолдауының жалғасы іспетті жазылған мақалада ұлттың іргесін бүтіндеп, тарихтың шаң басып қалмай, рухани жаңғыруға үлес қосуына бағдарламалар, жоспарлар көрсетілген.

Тарихта біз білмей жүрген, әлі зерттеліп, сыры ашылмай жатқан құндылықтар қанша?! Осыған байланысты көреген Елбасымыз ежелгі ғасырлардан қазіргі кезеңге дейінгі аралықты қамтитын мұрағаттарға ауқымды зерттеулер жүргізу үшін жеті жылдық «Архив – 2025» бағдарламасын жүзеге асыруды қажет деп санап отыр. Бұл, өз кезегінде, өте дұрыс шешім болмақ.

Себебі, басқа мемлекеттер ежелгі қайраткерлері, дүниежүзіне танымал тұлғаларын елдің баға жетпес қазына қатарына қосу арқылы әлем елдерінен ерекшеленіп тұрады. Расында, егер біз сол жағынан өзімізді танытатын болсақ, Ұлы далада әл-Фараби, Ахмет Йассауи, Абай, Мұхтар Әуезов, Әміре Қашаубаев сияқты көптеген мақтан тұтар біртуар

азаматтарымыз дүниеге келген. Бізге тек осы тұлғаларымызды мақтан ете білу.

Осы жағдайда Елбасы «Ұлы даланың Ұлы есімдері» атты ашық аспан астында сол тұлғалар мен олардың жетістіктеріне ескерткіш – мүсіндер орнатылатын саябақ ашуды қолға алу керектігін жазды. Басқалар тәрізді төл тарихымыздан сыр шертетін кинофильмдер неге түсірмеске?! Тек Қазақстан аумағында емес, әлемге паш ете алатын туындыларымыз жетерлік емес пе.

Жазбаны назар салып оқысақ, бүгінде маңызы зор, бірақ атқарылмай жатқан дүниелердің көп екендігіне көз жетеді.

Тарихты білу – парыз! Оны өзімізге ыңғайлап тани алмаймыз, қалай бар, солай қабылдаймыз. Тарих қойнауына терең үңіліп көрмеген адам, ертеңіне сеніммен қарай алмайды деп есептеймін. Оған басшымыздың жоғары шеберлікпен жазылған жұмысы дәлел. Қолымызда бар жәдігерлерімізді орнымен пайдалана білсек, тарихты дұрыс пайымдай алсақ бізден асқан рухани бай ел болмас.

Елбасы бізге бағыт-бағдар берді, ендігі соны жүзеге асыру қалды. Ұлы дала елінің ұрпағы екенімізді мақтан етейік!

Шырын Қауанова,
«Қазақстан тарихы»
кафедрасының оқытушысы.
Мадина Балтекова,
Шетел және орыс
филологиясының
1-курс студенті.

Мир поэзии



Акбота Кабимоллаева,
студент университета им. Шакарима,
ФКФ, кафедры журналистики,
группы ЖУ-802.

ЛЮБИТЬ НА РАССТОЯНИИ ЛЕГКО

Любить на расстоянии легко!
Дождаться невозможно ли приезда?
Легко, коль чувство Ваше глубоко,
Коль ревности заведомо нет места.
Я верю Вам, не слышу никого,
Кто вечно распускает небылицы.
А Вы мне нет, и больно оттого.
Сомненье - верный друг Ваш и десница.
Обещаны Вам были для чего
Скупая моя преданность и верность?
Неужто Вы не стоили того,
Что Вам дано? Сочтете ли за дерзость?
Достаточно могло быть моего
Единственного слова, коль правдива
Влюбленность Ваша. Иль невелико
Влечение это. Я не справедлива?
Понятие "любовь" так широко,
В чем Ваша заключается, скажите.
Как будто не из мира Вы сего:
Из странностей и только состоите.
Давно любовь не ценят высоко.
Ошиблась ли, увидев в Вас иное?
Доверчива, глупа я отчего?
Ведь вижу в Вас я счастье неземное.
Но если, друг, Вам все же нелегко,
То смысла в дружбе я не вижу боле.
А очень жаль, зашли мы далеко.
Но не перечу вашей доброй воле.

БЫТЬ МОЖЕТ, ВСТРЕТИМСЯ ОДНАЖДЫ

Быть может, встретимся однажды
И ты прижмешь меня к себе
В неутолимой жуткой жажде.
А я примусь шептать в мольбе...

В мольбе о счастье нашем вечном,
А ты подхватишь на ходу.
В потоке слов я бесконечном
Твое признание найду.

В твой запах я влюблюсь, быть может,
Он сразу станет мне родной
И все преграды уничтожит,
Подарит мысленный покой.

А ты полюбишь мои страхи,
Сердечка крохотного стук,
Ресниц пушистых эти взмахи,
Прикосновенья моих рук.

Мне все тонуть бы в твоих взглядах,
Все слушать речи, все шептать,
Ловить твой лик в своих агатах,
Твои изгибы изучать.

— Ты о моих объятьях грезил?
Так я с тобой, иди сюда.
Со мной ты всюду будешь весел?
Надеюсь, раз и навсегда.



ДУЫРЛІ АЙТЫС ӨТТІ



Jastar JYLY
QAZAQSTAN 2019

Ақпан айының 27-ші жұлдызы күні Шәкәрім шаңырағында «Жастар жылы» аясында Д.Бабатайұлы атындағы ақындар мектебінің ұйымдастыруымен қала айтыскерлерінің басы қосылып, дүйім жұртты айтысқа жинады.



университетінің намысын кеше ғана өткен «Менің пірім Сүйінбай» атты ақындар додасынан жүлделі орынмен оралған Тлеутай Айшолпан, республикалық жарыстарда бақ сынап жүрген Жеңісқазин Айбек, Әділхан Іңкәрбек, жас ақындарымыз Қайырбеков Азамат пен Бейсхан Хавдолла қорғады. Әділхан Іңкәрбек өзінің тыңнан толқытатын жырларын арнаса, бірінің сөзін бірі жалғап, алып кетіп отырған Айбек пен Серік, ерекше көзге түскен Ерасыл мен Айшолпан, бәрі-бәрі де қошеметке бөленіп жатты.

Бұл айтыс басқа айтыстарға қарағанда өзгеше форматта өтті. Шәкәрім университетінің азулы айтыскер ақындары мен қаламыздың белді айтыскерлері арасында командалық жекпе – жек айтыс түрінде болды. Мұндай айтыс тұңғыш рет Шәкәрім университетінде ұйымдастырылды.

Айтыс тақырыбы ретінде Абай атамыздың «Өлең – сөздің патшасы» өлеңінің атауы таңдалуының өзінде үлкен мән жатыр. Айтыскер ақындарымыз суырыпсалмалық қырларымен көрермендерді таңғалдырды.

Айтыскерлер қатарында талай додада көзге көрініп жүрген Қуанған Серіктен басталған, Сатыбалдин Манарбек, Сәрсенбаев Ерасыл, Қайроллаев Думан, Кенжебекұлы Қуандық сынды ақындар болса, Шәкәрім



Ал қазылар алқасына тоқталсақ, Шәкәрім университетінің ұлағатты ұстаздары мен айтыс аламында жүрген жүйріктеріміз қазылық етті. Үш сағатқа созылған бұл тартысты айтыс халық көңілінен шықты.

Жарыс соңында Шәкәрім университетінің командасы жүлделі жеңіске қол жеткізді. Сонымен қатар, Тлеутай Айшолпан, Жеңісқазин Айбек, Қуанған Серік қазылар алқасының арнайы сыйлығымен марапатталды.

Және осындай үлкен шараны ұйымдастырып, көпшіліктің басын қосқаны үшін Д.Бабатайұлы атындағы ақындар мектебінің басшысы мен барша ұжымына алғысымызды білдіреміз!

Арайлым Өнеш,
Д.Бабатайұлы атындағы ақындар
мектебінің жоғары маманы.



Құрылтайшысы:
Семей қаласының Шәкәрім
атындағы мемлекеттік
университеті.

Студент - жастарға арналған
ақпараттық-танымдық
басылым айына
бір рет шығады.

Редактор
Дәулет ТІЛЕУБЕРДИЕВ

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
министрлігінің Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі № 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Редакцияның
мекен-жайы:
Семей қаласы,
Глинка
көшесі, 20 а,
Телефон: 31-87-78

Газет Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
мемлекеттік университетінің
баспаханасында офсеттік
әдіспен басылып шығарылды.
Тел: 31-88-34
Семей қаласы, Глинка, 20 а
Таралымы 500 дана